



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ПРИНЦИПІ РЕТІНДЕ НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Калиева Макпал Даулеткелдықызы

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Ильяс А.А.

Несие саясаты банктің өз қызметінде жүргізетін көп салалы саясатының бір қыры. Банк саясаты әдетте жоба, банк дамуының жоспары, яғни иерархиялық тәртіпте құрылған банк мақсаттары мен міндеттерінің тізімінде түсіндірілетін құжаттар түрінде болады. Банк мақсаты, оның несие саясаты дегеніміз не? Жалпы мақсат дегеніміз – жүзеге асырылуға тиіс бір нәрсеге тырысушылық. Мақсаттың философиялық түсіндірілуі бөлек. Мақсат – бұл адамның тәртібі мен саналы қызметінің бір элементі, белгілі бір құралдардың көмегімен әрекетін жүзеге асыру арқылы ойлау нәтижесінің артықшылығын сипаттайды. Адамның әр қилы әрекетінің қандай да бір бірізділікке немесе жүйеге интеграциялануының тәсілі де мақсат болып табылады. Мақсатты қызметтің талдауы ретінде өмірдегі ситуациялар мен мақсаттың арасындағы сәйкессіздікті анықтайды; осы сәйкессіздікті жою мақсаттың жүзеге асқаны болып саналады». Мақсат туралы философиялық ілімді Аристотель, Кант, Гегель, марксизм, ленинизм классиктері дамытты. К.Маркс «мақсат заң сияқты адам әрекетінің мінездері мен тәсілдерді анықтайды».

Жалпы мақсат туралы философиялық түсінік оны әрекеттің маңызды элементі деп қарайды. Осыған байланысты банк мақсаты банк дамуының сандық және сапалық сипаттамасын, сапасын береді, оларға қол жеткізу дәрежесін бағалау банк саясатының ролі туралы айтуға мүмкіндік береді. Банк саясатын әзірлегенде мақсатты дұрыс қоя білу және оны жүзеге асыру үшін сәйкес құралдарды таңдау маңызды. Әр банктің мақсаты айқын болуға тиіс.

Макроэкономикалық деңгейде ҚР Ұлттық Банкінің жетекшілігімен жүргізілетін банктердің саясатының мақсаты банк жүйесінің орнықтылығын сақтау және экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Комерциялық банктің жалпы мақсаты табыстылық, рентабельділік, өтімділік тәуекелді азайту, портфельді оңтайландыру (депозит саясаты, қаржы рыногындағы саясат несие беру, несие пайызы саясаты жәнет.б.) тұрғысынан оның саясатының басымдық бағыттарын анықтау болып табылады [1].

Банк әлеуметтік жүйе болғандықтан, ал адамдар өз әрекетінде жеке мақсатын, мүддесін басшылыққа алатындықтан банк мақсаты оның иелерінің, басшыларының, қызметкерлерінің, сондай-ақ банк клиенттері мен банктік қадағалау органдарының жеке мақсатына негізделеді. Әлбетте қожайындар үшін маңызды мақсат-банктің өсуі (активтің, меншікті капиталдың, клиенттердің, операциялардың, ең бастысы табыс пен акциялар бағасының артуы). Басқарушылар мазмұны мен мерзімі әрқилы мақсаттарды көздейді, өйткені олар жұмыстың тиімділігі мен пайданың өсуіне жауап береді. Банк клиенттері үшін табыс табуға байланысты мақсаттары әр түрлі болады, олардың мүдделері қарама-қайшы, бірақ олардың сенімді банкті серіктес еткісі келетін тілегі бір. Банк қызметкерлерінің негізгі мақсаты ағымдағы табыстылық деңгейін жоғарылату, ал мемлекет банктің қызметін талдай отырып, оның сенімді әрі орнықты болуын қалайды.

Банк мақсатын анықтау үшін қажетті ракурс таңдау да маңызды. Мәселен, маркетинг көзімен қарағанда банк басшылары қабылдаған банк дамуының түпкілікті мақсаты банктің клиенттер мен әріптестерге қатысты ұстанымын білдіреді. Сонымен бірге банк акционерлердің негізгі құндылығына және даму тәжірибесіне байланысты корпоративтік мәдениетке, банктің рыноктағы орны мен роліне ресурстардың сипаты мен үлесіне, тәуекел дәрежесіне және т.б. айрықша ықылас бөледі [2].

Аталған жеке мақсаттарды келістіру нәтижесінде мақсаттарды үйлестірудің көп факторлы күрделі міндеті туындайды: мүдделі тараптардың арасында уағдаластыққа ымырашылдыққа қол жеткізу арқылы. Сондықтан комерциялық банктің негізгі мақсаты-кең мағынада қолданылатын оның дамуы. Комерциялық кәсіпорынның екстинсивті дамуы (сапалық сипаттамасы) және интенсивті дамуы, яғни әрекет ету тиімділігінің артуы (сапалық сипаттамасы) сондай-ақ, банктің әлеуметтік институт ретінде дамуы: акционерлердің, клиенттердің, банк қызметкерлерінің мүддесін қамтамасыз етуі тұрғысында және банктік қадағалау органдары жағынан дамуы сөз болады.

Банктің несие саясатының маңызды жалпы принциптері деп біз ғылыми негіздеуді, оңтайландыруды тиімділікті сондай-ақ несие саясаты элементтерінің үздіксіз тығыз байланысын бірлігін айтамыз, өйткені тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана өмірдің объективті шындығы мен субъективті факторларын ескере отырып, мемлекеттің банктің (институттық құрылым ретінде) оның қызметкерлері мен клиенттерінің оның ішінде халықтың мүддесін неғұрлым толыққанды білдіреді.

Банктің несие саясатының маңызды жалпы принциптері деп біз ғылыми негіздеуді, оңтайландыруды тиімділікті сондай-ақ несие саясаты элементтерінің үздіксіз тығыз байланысын бірлігін айтамыз, өйткені тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана өмірдің объективті шындығы мен субъективті факторларын ескере отырып, мемлекеттің банктің (институттық құрылым ретінде) оның қызметкерлері мен клиенттерінің оның ішінде халықтың мүддесін неғұрлым толыққанды білдіреді. Осылайша тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана банктің дамуының белгілі бір кезеңінде алдына қоятын мақсаттарға барынша сәйкес келеді. Бұдан шығатыны, тек ғылыми негізделген несие саясаты ғана банк үшін (орталық және комерциялық) оңтайлы, неғұрлым тиімді басымдық бағытта болып табылады.

Комерциялық банктің несие саясатының өзіндік принциптері төмендегідей: табыстылық, пайдалылығы (кез келген комерциялық банк үлкен пайда табуды көздейді), сондай-ақ қауіпсіздік, сенімділік (банк қандай да жолмен емес, нарық ақиқатын ескеріп, табыс табуға тырысады).

Сонымен, банктің несие саясатының принциптерінің жүйесі бүтіндей алғанда былайша бейнеленеді.

Комерциялық банктің несие саясатының негізгі принциптері

Сурет 1

Банктің несие саясатының принциптері	
Жалпы	өзіндік
Ғылыми негізделуі Оңтайлылық Тиімділік Несие саясаты элементтерінің тығыз байланысы, бірлігі	Табыстылық, пайдалылық Қауіпсіздік, сенімділік

Жалпы берілген 1 суретке қарай отырып, принциптерді сақтау банктің несие саясатының тиімділігін арттыру үшін маңызды шарт болып табылады.

Табыстылық принципі банк дамуының жекелеген уақыт бөлігінде орындалмауы да мүмкін, немесе бүркемеленіп тұрады.

Мәлімет көзі: Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы Заңы [3].

Банктің несие саясатын банк саясатының бір элементі ретінде қарастыра отырып несие саясатының мақсаты банктің жалпы стратегиялық мақсатымен органикалық байланыста болатыны атап өту орынды. Комерциялық банктің банк саясаты мен несие саясаты ортақ бір мақсатқа жұмылған – салымшылардың ақша қаражатынан пайда табу, сондай-ақ банктің орнықтылығымен пайдасының өсуіне кепілдік беретін қызмет түрін көбейту және көлемін ұлғайту бағытында банктің үздіксіз дамуы. Бұдан шығатыны, несие саясатының

мақсаты тартылған қаржыны тиімді орналастыру үшін жағдай жасау, банк пайдасының өсімін қамтамасыз ету (несие операцияларының табысын көбейту және депозит операцияларының шығынын азайту, сондай-ақ сапасы төмен несие шығынын болдырмау).

Талдау нәтижесі бойынша мынадай қорытындыға келуге болады: коммерциялық банктің несие саясатының мақсаты мына мәселелерді біріктіреді: несие рыногын талдау және несие тәуекелін азайту мақсатында мақсатты рынокты анықтау; несие беру және қаржыны депозитке тарту нәтижесінде пайданы көбейту; банктің депозиттік және несие портфелін басқаруды оңтайлағдыру; проблемалық несие үлесін кеміту; несиеті басқару тұрғысынан банк өтімділігін ұстап тұру.

Барлық банктер үшін бірдей, бірыңғай несие саясаты болмайтынын білу қажет. әрбір нақты банк өзінің несие саясатын анықтайды, оның қызмет ету өңіріндегі экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайды ескереді немесе осы банктің жұмысына әсер ететін сыртқы және ішкі тәуекелдердің бүкіл жиынтығын назарға алады. Банктің жиынтық тәуекелі жоғарылайды, болмаса, несие саясатының сапасы төмен немесе несие саясатының негізгі ережелерін нақты атқарушыларға жеткізе білмеген – міне, мұның бәрі оны жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Банктер несие саясатын әзірлеген кезде өздерінің қызметіне тікелей әсер ететін бірнеше факторларды талдайды. Олардың ішінде барлық банктерге ықпал ететін макроэкономикалық факторлар және нақты бір банктің жұмысына әсер етуші микроэкономикалық факторлар бар [4].

Банк саясаты бүтіндей және коммерциялық банктің несие саясаты ішінара нарықтық қатынастардың қазіргі қалыптасу кезеңінде екі түрлі факторға тәуелді. Бірінші топтағы факторлар банктің сыртқы саясатын айғақтайды (нарық жағдайы, тәуекелдер, инфляция деңгейі, бәсеке, банктік операциялар мен қызметтерге сұраныс және т.б.) олардың ішінде ең маңыздысы деп мынаны атауға болады:

- Еліміздің жалпы экономикасының күйі, инфляция деңгейі, ішкі жалпы өнім өсімінің қарқыны, бюджеттің жетіспеушілігі және т.б.
- ҚР Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы министрлігінің ақша-қаржы саясатының ықпалы.
- Орталық банктің тәуелсіздік дәрежесі, банктердің еліміздің саяси өміріне қатысуы және т.б.
- Халық табысының деңгейі, банк қызметін пайдалану деңгейі, әлеуметтік жеңілдіктің болуы және т.б.
- Банк қызметінің өңірлік еркшеліктері.
- Бәсеке деңгейі.
- Банк өнімдері мен қызметінің бағасының деңгейі.
- Қоғамның саяси деңгейі.
- әлеуметтік шиеленіс.
- Клиенттердің банк несиесіне деген сұранысы.

Банктің несие саясатына еліміздің жалпы экономикасы сондай-ақ банк орналасқан аймақтың жағдайы әсер етеді. Бұл сыртқы әсерлердің, яғни банк жұмысымен оның клиентіне тәуелсіз тобына жатады (экономикалық, саяси, әлеуметтік) [5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сединин А. Кредитная политика и кредитная культура: отражение во внутренних инструкциях западного банка//Банковское дело, №6. – с.15- 21. 2011 ж.
- 2.Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы: Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2011. 368 бет.
- 3.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халықына Жолдауы // Егемен Қазақстан №2 наурыз 2011ж.
- 4.Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы Заңы 2011 ж.
- 5.Современное состояние банков второго уровня Республики Казахстан // Банки Казахстана №06 2012 ж.